

Ф.07.02-10

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Д.Ж. Ахмед-Заки
«17» 2025 ж.














БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B06130– Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету

Тіркеу номері	6B06100077
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B06-Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	6B061-Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
Білім беру бағдарламаларының тобы	B057- Ақпараттық технологиялар
Білім беру бағдарламасының түрі	Іс жүзіндегі
ББХСЖбойынша деңгейі	6
ҰБШбойынша деңгейі	6
СБШбойынша деңгейі	6
Оқу тілі	қазақ, орыс, ағылшын
Білім беру бағдарламасының көлемі	240 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент, 2025ж.

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	қызметі	қолы
Ахметова Сабира Тастановна	ф.-м.ғ.к., доцент, ЕТЖБҚ кафедрасының меңгерушісі	
Даушеева Нуржамал Нуртуреевна	т.ғ.к., аға оқытушы	
Ермекбаева Гүлжан Ыдырысовна	аға оқытушы	
Жантасов Олжас Асанович	оқытушы	
Білім алушының Т. А. Ә.	Тобы	
Ашим Лилия	ИП-22-6к1	
Прәлі Айнел	ИП-22-6к2	
Жұмыс берушінің Т. А. Ә.		
Джумагалиев Кайрат Пернебекович	«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Бөлім басшысы	
Жунисов Жандос Мухидинович	«KazMBS» ЖШС директоры	
Павлов Александр Андреевич	«DIGITAL SYSTEMS» ЖШС директоры	
Акмалов Мурод Ильхамович	«КомСити Шымкент» ЖШС директоры	
Гацко Александр Викторович	«ART Technology» ЖШС директоры	

Білім беру бағдарламасы «Ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялар» даярлау бағыты бойынша академиялық комитеттің отырысында қаралды, «17» наурыз 2025 ж. № 5 хаттама.

АК төрағасы  А.Б. Иманбаева
қолы

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды
«18» наурыз 2025ж. № 4 хаттама.

ОӘК төрағасы  Е. И. Иманғалиев
қолы

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді
«27» наурыз 2025 ж. № 10 хаттама.

МАЗМҰНЫ

1.	Бағдарламаның концепциясы	4
2.	Білім беру бағдарламасының паспорты	6
3.	Білім беру бағдарламасы түлегінің құзыреті	10
3.1	Жалпы БББ бойынша оқыту нәтижелерінің қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы	12
4.	Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы	13
5	Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде меңгерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте	32
6.	Оқыту стратегиясы, әдістері және жасанды интеллект, бақылау және бағалау	33
7	Білім беру бағдарламасын оқу-ресурстық қамтамасыз ету	34
	Келісу парағы	35
	1 қосымша. Жұмыс беруші рецензиясы	
	2 қосымша. Эксперттік қорытынды	
	Қосымша 3. Кәсіби стандарттар	

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Университет миссиясы
Университет құндылықтары

Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшы дайындау

- Ашықтық - өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа ашық.

- Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады.

- Академиялық еркіндік - таңдау, даму және әрекет ету еркіндігі.

- Серіктестік – барлығы жеңетін қарым-қатынаста сенім мен қолдауды қалыптастырады.

- Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешімдер қабылдауға және олардың нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.

Түлек үлгісі

- Пән бойынша терең білім алу, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі дамыту.

- Жедел өзгермелі жағдайдағы ақпараттық және цифрлық сауаттылық және ұтқырлық.

- Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалдық интеллект.

- Кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік.

- Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.

БББ бірегейлігі

- Стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген түлектің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру арқылы өңірлік еңбек нарығына және әлеуметтік тапсырысқа бағдарлану.

- Практикаға бағдарлану және сыни ойлау мен іскерлікті дамытуға, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауатты және бәсекеге қабілетті болуға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға аса назар аудару.

Академиялық адалдық және этика саясаты

Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды:

- Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022ж. №212-нқ бұйрығы);

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (07.12.2021ж. №221-нқ бұйрығы);

- Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы)

БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен және 29.12.2021ж №614 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген

өзгертулер мен толықтырулар.

4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен және 23.09.2022 жылғы №79 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі;

6. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.

7. Оқу процесіне ECTS принциптерін енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту бойынша әдістемелік ұсыныстар. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығына қосымша. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 12 ақпандағы №57 бұйрығы.

8. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық, ҚР ҒЖБМ жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының 4.05.2023 жылғы №601 н/қ бұйрығына 1-қосымша.

Білім беру процесін ұйымдастыру

- Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру

- Студентке бағытталған оқыту

- Қол жетімділік

- Инклюзивтілік

БББ сапасын қамтамасыз ету

- Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі;

- Стейкхолдерлерді БББ әзірлеуге және оны бағалауға тарту;

- Жүйелі мониторинг;

- Мазмұнды өзектендіру (жаңарту).

Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар.

Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары

Ерекше білім беруді қажет ететін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпусарында (бас ғимарат, №8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты <http://lib.ukgu.kz/> тәулік бойы жұмыс істейді.

Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

БББ мақсаты	Экономиканы цифрландыру міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін іргелі білім берудің құзыреттілік тәсілі негізінде ғылымның, индустрияның, техниканың өзекті бағыттары үшін зерттеу ойлауы мен мәдениеті бар тәжірибеге бағдарланған, еңбек нарығында орнықты IT-мамандарды даярлау.
БББ міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> • қоғамда элеуметтік-жауапкершіліктік тәртіпті қалыптастыру, кәсіби әдеп нормаларын түсіне білу және оны сақтау; • бүкіл өмір бойы оқуды жалғастыруға мүмкіндік беретін, кәсіби мансапта кездесіп отыратын барлық өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын базалық бакалавр дайындығын қамтамасыз ету; • жалпы жоғары интеллектуалдық даму деңгейіне жету үшін жағдай жасауды, сауатты, әрі жетік сөйлей білуді, ойлау мәдениеті мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларымен қамтамасыз ету; • интеллектуалдық, физикалық, рухани, эстетикалық жағынан дамуы, олардың мамандық бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін немесе келесі оқу деңгейлерінде оқуын жалғастыруларына жағдай жасау. • Сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.
БББ үйлесімділігі	<ul style="list-style-type: none"> • ҚР Ұлттық біліктілік шеңберінің 6 деңгейімен; • 6 деңгейлі Дублин дескрипторлары; • Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің біліктілік шеңберінің 1 циклімен, (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • өмір бойы білім алу үшін Еуропалық біліктілік шеңберінің 6 деңгейімен (The European Qualification Framework for Lifelong Learning).
БББ кәсіби саламен байланысы	<p>Ақпарат, ақпараттандыру, байланыс және телекоммуникация аясындағы Салалық комиссия кеңесінің 2016 жыл 20 желтоқсандағы №1 хаттамасымен бекітілген Салалық біліктілік шеңбері;</p> <p>Кәсіптік стандарт. Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма Төрағасының м.а. 2022 жыл 5 желтоқсандағы №222 бұйрығының №7 қосымшасы «Бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу»;</p> <p>Кәсіптік стандарт. Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма Төрағасының м.а. 2022 жыл 5 желтоқсандағы №222 бұйрығының №22 қосымшасы «Бағдарламалық жасақтаманы тестілеу»;</p> <p>Кәсіптік стандарт. Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма Төрағасының м.а. 2022 жыл 5 желтоқсандағы №222 бұйрығының №17 қосымшасы «Жасанды интеллект қосымшаларын әзірлеу»;</p> <p>Кәсіптік стандарт. Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма Төрағасының м.а. 2022 жыл 5 желтоқсандағы №222 бұйрығының №18 қосымшасы «Үлкен деректерді өңдеу және сақтау жүйелерін құру»;</p> <p>Кәсіптік стандарт. Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық</p>

	<p>кәсіпкерлер палатасының Басқарма Төрағасының м.а. 2022 жыл 5 желтоқсандағы №222 бұйрығының №1 қосымшасы «Деректер қорын басқару»;</p> <p>Кәсіптік стандарт. Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жыл 24 желтоқсандағы № 259 бұйрығының № 43 қосымшасы «Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушілер және тестілеу, WEB және мультимедиялық қосымшалар жөніндегі мамандар».</p> <p>Кәсіптік стандарт. «Компьютерлік технология құралдарын сот-сараптамалық зерттеу». ҚР Әділет министрінің 23.01.24 №60 бұйрығына 3-қосымша.</p>
Берілетін дәреженің атауы	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «6B06130 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы бакалавр дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	6B06130 – «Есептеу техникасы және бағдарламамен қамтамасыз ету» мамандығы бойынша бакалаврлар 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының Біліктілік анықтамалығының біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс өтіліне талап қоймастан инженер-бағдарламашы, бағдарламашы, БҚ сүйемелдеу жөніндегі маман, БҚ жобалаушы алғашқы лауазымдарын атқара алады
Кәсіби қызмет саласы	<p>Түлектердің кәсіби қызмет саласы экономикалық қызметтің әртүрлі салаларында ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлейтін, енгізетін, пайдаланатын мемлекеттік және жеке кәсіпорындар мен ұйымдар болып табылады.</p> <p>Түлектердің кәсіби қызмет саласы ақпараттық - коммуникациялық жүйелерді зерттеу, жобалау, әзірлеу, тестілеу, енгізу және қолдау болып табылады.</p>
Кәсіби қызметтің объектілері	Бітіруші түлектердің кәсіби қызмет нысаны ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, ақпараттық процестер, ақпаратты өңдеу және басқарудың компьютерлік жүйелері, жүйелер мен желілер, олардың аспаптық (бағдарламалық, техникалық, ұйымдастырушылық) бағдарламалық қамтамасыз етуі, ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді жобалау, құрастыру және пайдалану әдістері болып табылады.
Кәсіби қызмет пәні	<ul style="list-style-type: none"> • есептеу машиналары, кешендері, жүйелері мен желілері; • ақпаратты өңдеу және басқару үшін компьютерлік жүйелер; • автоматтандырылған жобалау жүйелері; • есептеу техниканың және ақпараттық жүйелердің бағдарламалық құралдары (бағдарламалар, бағдарламалық жасақтама және жүйелер).
Кәсіби қызмет түрлері	<ul style="list-style-type: none"> • ақпараттық-коммуникациялық жүйелердің бағдарламалық қамтамасыздандыруына талаптарды талдау; • ақпараттық-коммуникациялық жүйелердің бағдарламалық мен аппараттық қамтамасыздандыруын жобалау; • операциялық және ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді пайдалану; • құрастыру жүйелерінің міндеттерін бағдарламалық жүзеге асыру; • жүйелер мен компьютерлік желілерді басқару;

	<ul style="list-style-type: none"> • бағдарламалық қамтамасыз етуді тестілеу; • бағдарламалық қамтамасыз етуді техникалық сүйемелдеу, техникалық қолдау; • бағдарламалық модульдер мен бағдарламалық компоненттерді интеграциялау; • бағдарламалық- аппараттық қорғауды қамтамасыз ету; • АКТ қызметтерін коммерцияландыру.
<p>Оқыту нәтижелері</p>	<p>ОН1. Көп тілді ортада кез келген форматтағы коммуникацияларға қабілеттілігін, толыққанды өмір сүру шарттары ретінде еңбекті түсінуді, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы Инфрақұрылым инновацияларын іске асыру арқылы экономиканы дамытуға қатысуға дайындығын көрсетеді;</p> <p>ОН2. Жаратылыстану, математикалық, әлеуметтік-экономикалық, инженерлік білімдерін көрсетеді және кәсіби қызметте математикалық, құрылымдық талдау, модельдеу және болжау әдістерін, эксперименттік және сараптамалық зерттеу дағдыларын, қаржылық сауаттылықты қолданады;</p> <p>ОН3. Бағдарламалық-аппараттық қамтамасыз етуді жобалауға: зияткерлік жүйелерге, компьютерлік желілерге, ДБ, web-қосымшаларға, Ақпарат қауіпсіздігінің шарттарына, пайдаланушы құжаттамасына, пайдалануға және сүйемелдеуге қойылатын талаптарды талдайды;</p> <p>ОН4. Негізгі стандарттарды, дизайн принциптері мен үлгілерін, әдістерді, бағдарламалық жасақтаманы әзірлеуге арналған бағдарламалау тілдерінің құралдарын, желілік компоненттерді, веб-ресурстар платформасын, жүйелік талдауға негізделген бағдарламалық қосымшаларды, заманауи АКТ және ақпараттық қауіпсіздік құралдарын таңдауды дәлелдейді;</p> <p>ОН5. Бағдарламалық жасақтамаға қойылатын талаптарды бағдарламалық жасақтама мен аппараттық құралдың құрылымын және оның компоненттерінің құрамын анықтайтын архитектураға айналдыра алады, осы компоненттер мен олардың арасындағы интерфейстерді, оларды кейіннен кодтау және қазіргі бағдарламалау тілдерінде тестілеу үшін сипаттайды;</p> <p>ОН6. Оңтайлылық қағидаттарына сәйкес бағдарламалық интерфейстерді әзірлеу әдістері мен құралдарын, дерекқор модельдерін, деректер мен есептеу процестерін ұйымдастыру мен құрылымдауды, ақпараттық және желілік қауіпсіздік қағидаттарын қолданады;</p> <p>ОН7. Алгоритмдерді құру әдістерін, бағдарламалық жасақтаманың өмірлік циклін қолданады, әртүрлі ортадағы кітапханалардың стандартты жиынтығымен және бағдарламалық жасақтаманың көп тапсырмалы жағдайында іске асырудың ерекшеліктерімен, интеллектуалды жүйелердің функционалдық мүмкіндіктерімен, сондай-ақ бағдарламалық жасақтама нұсқаларын жаңарту және мәліметтер базасын жаңа платформаларға көшіру ережелерімен, ыңғайлылықты жақсарту технологияларымен заманауи Объектілік бағдарламалау тілдерінің құралдары мен құралдарын қолданады;</p> <p>ОН8. Оңтайлы деректер құрылымдары, әзірлеу құралдарының параметрлері негізінде бағдарламалау тілдерінде кодтау процесін басқарады және БҚ, қосымшалар мен ДБ әрбір компонентін тестілеуді, кодты түзетуді, сараптауды, жүйелік, қолданбалы БҚ</p>

	<p>пайдаланушыларына сүйемелдеуді және кеңес беруді, нәтижелер бойынша есептерді қалыптастыруды жүзеге асырады;</p> <p>ОН9. Бағдарламалық модульдерді құрастыру және деректерді түрлендіру (түрлендіру) рәсімдері негізінде БҚ компоненттерін интеграциялауды жүргізеді, алынған деректерден тиісті ақпаратты жасайды, ДБ, Big Date-ке SQL сұрауларын жасайды, БҚ талап етілетін сапа критерийлеріне сәйкестігін бағалайды;</p> <p>ОН10. Бағдарламалармен жұмыс істеу, бағдарламалық жасақтама мен мәліметтер базасының бағдарламалық интерфейстерін құжаттау бойынша нұсқаулықтар әзірлейді және дайын бағдарламалық өнімдерді пайдалану мүмкіндігін анықтайды және бейімдейді;</p> <p>ОН11. Шығармашылық ойлауды, адамға деген сүйіспеншілікті, білімге деген ұмтылысты, тұтыну мен өндіріске жауапкершілікті, цифрлық шешімдерді іске асыруды жобалаудың барлық кезеңдерінде орнықты даму мақсатында әріптестікті ұйымдастыру дағдыларын көрсетеді.</p>
--	---

3. БББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері

ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР(SOFTSKILLS). Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық қасиеттер.	
ЖҚ 1. Өзінің сауаттылығын басқару құзыреттілігі	ЖҚ1.1. Таңдаған траекторияда және пәнаралық ортада өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту және білімін үнемі жаңартып отыру қабілеті. ЖҚ1.2. Кәсіби салада ойын, сезімін, фактілер мен пікірлерін айта білу. ЖҚ1.3. Заманауи әлемде ұтқырлық және сыни ойлау қабілеті.
ЖҚ 2. Тілдік құзыреттілік	ЖҚ2.1. Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникациялық бағдарламаларды құра білу қабілеті. ЖҚ2.2. Мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті.
ЖҚ 3. Математикалық құзыреттілігі және ғылым саласындағы құзыреттілігі	ЖҚ3.1. Кәсіби міндеттерді шешуде жоғары оқу орнында математикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық пәндерді оқу барысында алған білім беру әлеуетін, тәжірибесін және жеке қасиеттерін қолдана білу қабілеті мен дайындығы.
ЖҚ 4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық сауаттылық	ЖҚ4.1. Өмірінің барлық салаларында мен кәсіби қызметінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылығын көрсету және дамыту қабілеті. ЖҚ4.2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін: интернет ресурстарын, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және тарату бойынша бұлттық және мобильді қызметтерді пайдалану қабілеті.
ЖҚ 5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері	ЖҚ5.1. Салауатты әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін физикалық өзін-өзі жетілдіру және салауатты өмір салтына бағдарлану қабілеті. ЖҚ5.2. Азаматтық пен адамгершіліктің көрінісі негізінде әлеуметтік-мәдени дамуға қабілеті. ЖҚ5.3 Өзін-өзі дамыту, мансаптық өсу және кәсіби табысқа жету үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру қабілеті. ЖҚ5.4. Оқу, жұмыс кезінде, үйде және бос уақытта барлық әлеуметтік-мәдени контексттердің әртүрлілігінде табысты өзара әрекеттесу қабілеті.
ЖҚ 6. Кәсіпкерлік құзыреттілік	ЖҚ6.1. Әртүрлі ортада шығармашылық және іскерлік көрсету қабілеті. ЖҚ6.2. Белгісіздік режимінде және тез өзгеретін мақсат жағдайында жұмыс істеу, шешім қабылдау, ресурстарды бөлуге және өзінің уақытын басқару қабілеті. ЖҚ6.3. Тұтынушылардың сұраныстарымен жұмыс істеу қабілеті.
ЖҚ 7. Мәдени хабардарлық және өзін-өзі дамыту қабілеті	ЖҚ7.1. Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын көрсету қабілеті. ЖҚ7.2. Әлемнің басқа халықтардың салт-дәстүріне, мәдениетіне толерантты болу, жоғары рухани қасиеттерге ие болу қабілеті.
КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР(HARDSKILLS).	
Осы бағытқа тән теориялық білім және практикалық дағдылар мен іскерліктер	КҚ1. Талаптарды талдайды, проблеманы, мақсаттарды анықтайды және бағдарламалық жасақтаманы жобалау әдістемелерін, бағдарламалау құралдарын қолданады, бағдарламалық жасақтаманың функционалдығын, жүйелерді модельдеуді қолдана отырып интеллектуалды жүйелерді, математикалық логиканы, ықтималдық модельдерін, стандарттар, принциптер, шаблондар

	негізінде оларды ресімдеуді бағалайды.
	КҚ2. Алгоритмдерді, бағдарламалау тілін, web әзірлеу құралдарын, Мобильді қосымшаларды, деректердің оңтайлы құрылымдарын, UML, архитектураны визуализациялауға арналған интерфейстерді, интеллектуалды, соның ішінде экономикалық тиімділік пен қажетті сапа критерийлерін ескере отырып, барабар нәтиже ала отырып, ПАО жүйелерін әзірлеу кезінде білімдегі логикалық қорытынды алгоритмдерін талдауға және таңдауға қабілетті.
	КҚ3. Заманауи ОЖ және бағдарламалау орталарында бағдарламалық модульдер мен бағдарламалық жасақтама компоненттерін құрастыру процедураларын орындау, gi негізгі элементтерін құру, бағдарламалық кодты тексеру және күйге келтіру, интерфейстерді модульаралық өзара әрекеттесу деңгейінде сипаттау, ОЖ-ны жаңарту, қалпына келтіру және қоршаған ортамен өзара әрекеттесу әдісін таңдау білімі мен қабілетін көрсетеді.
	КҚ4. Практикалық міндеттер үшін кодтау, ақпарат теориясының заңдарын біледі және қолданады, ақпаратты қорғаудың арнайы ұйымдастырушылық, бағдарламалық-аппараттық құралдарын шешу және енгізу дағдыларына ие, ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді қорғау саясатын іске асырады.
	КҚ5. Электрондық схемаларды синтездеу әдістерін талдайды және қолданады, заманауи даму тенденциялары мен архитектурасын, есептеу кластерлік жүйелері мен желілерін ұйымдастыруды ескере отырып, сандық құрылғылардың элементтерін есептейді, компьютерлік желілердің логикалық және физикалық құрылымын және желілік өзара әрекеттесу ережелерін ажыратады.
	КҚ6. Жасанды интеллект жүйелерін жобалау негіздерін біледі, білімге логикалық қорытынды алгоритмдерін қолданады, BigData белгілері негізінде топтарға жіктеу әдістерін қолданады, формальды тілде есептерді ұсына алады.
	КҚ7. Деректер базасының схемаларын, типтік мәліметтер базасын, деректерді құрылымдауды, күрделі SQL сұраныстарын әзірлеуді жобалайды және тәжірибеде қолданады және сұраныстарды оңтайландыру, ДҚБЖ-дан, bigdate қоймаларынан деректерді сақтау және оқу әдістерін қолданады, мәліметтер базасын пайдалану кезіндегі оқиғаларды талдайды, сәйкес деректерді іздеу, жіктеу және алу үшін критерийлерді қолданады.
	КҚ8. Бағдарламалау әдістерін, технологияларын, бағдарламалық жасақтаманы басқа Объектілік бағдарламаланатын ортаға көшіру принциптерін және бағдарламалық жасақтаманың жұмысын тексеру құралдарын таңдайды, логикалық бағдарламалау алгоритмдерін, утилиталарды қолданады және кейіннен қолдану үшін C++, C# бағдарламаларын жасай алады..
	КҚ9. Графикалық бағдарламалық орталарда жұмыс істеу, мобильді қосымшалар архитектурасын талдау және бағалау, сараптау дағдыларын көрсетеді, Интернет - технологиялар, web - әзірлемелер құралдарын, хаттамалар білімін, бағдарламалық контроллерлерді пайдаланады.
	КҚ10. Ақпараттық жүйе бойынша іске асыру кезінде нәтижеге, өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне, нақты пайдаланушыға баптауға, жобаны стратегиялық басқаруды жүзеге асыруға жауапты бола алады.

3.1 Жалпы БББ бойынша оқыту нәтижелерінің қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11
ЖҚ1	✓				✓					✓	
ЖҚ2	✓	✓								✓	
ЖҚ3		✓		✓							✓
ЖҚ4	✓			✓							
ЖҚ5			✓			✓					✓
ЖҚ6		✓		✓				✓	✓		
ЖҚ7				✓		✓					✓
КҚ1		✓	✓						✓		
КҚ2			✓	✓			✓		✓		
КҚ3					✓		✓	✓	✓		✓
КҚ4				✓		✓		✓	✓		
КҚ5			✓	✓	✓	✓					
КҚ6				✓		✓	✓		✓	✓	
КҚ7			✓			✓	✓	✓			✓
КҚ8				✓	✓		✓	✓		✓	
КҚ9			✓	✓			✓	✓		✓	
КҚ10		✓		✓				✓	✓		✓

4. Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы

№	Модуль атауы	цикл	компонент	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Оқу нәтижелері(коды)												
							ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11		
1	Қоғамдық ғылымдар негіздері	ЖБП	МК	Қазақстанның тарихы	<p>Мақсаты: Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде Қазақстан тарихының объективті білім беру.</p> <p>Мазмұны: Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы. Түркі өркениеті және Ұлы дала. Қазақ хандығы. Жаңа заман дәуіріндегі Қазақстан. Қазақстан кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамында. Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы, қоғамдық-саяси даму, сыртқы саясаты және халықаралық қатынастары. Қазақстан тарихындағы оқиғалардың себеп-салдарын талдаудың тарихи суреттеу әдістері мен тәсілдері.</p>	5	✓	✓	✓										
		ЖБП	МК	Философия	<p>Мақсаты: Студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, оларға келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру. Сондай-ақ студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктің өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Ойлау мәдениетінің пайда болуы. Философияның пәні мен әдісі. Дүниені философиялық түсінудің негіздері: сана, рух және тіл мәселелері. Болмыс. Онтология және метафизика. Таным және шығармашылық. Білім, ғылым, техника және технологиялар. Адам</p>	5	✓	✓	✓										

				философиясы және құндылықтар әлемі. Этика. Құндылықтар философиясы. Эстетика пәні философиялық білім саласы ретінде. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Қоғам және мәдениет. Тарих философиясы. Дін философиясы. «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы.																
2	Әлеуметтік-саяси білімдер	ЖБП	МК	Әлеуметтану және саясаттану	<p>Мақсаты: Қоғамдық-саяси қызмет туралы білімдерін қалыптастыру мақсаты, қоғамдық-саяси процестер мен құбылыстарды түсіндіру.</p> <p>Мазмұны: Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтар жүйесін қарастыру. Әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық институттарды, жастар саясатының ерекшеліктерін қазақстандық қоғамның жаңғыруында пайдалану және олардың негізінде қоғамдағы, кәсіптік ортада қақтығыстық жағдайларды шешу жолдары.</p> <p>Саяси институттар мен процестерді, саясат, билік, мемлекет және азаматтық қоғам туралы идеяларды талдау және түсіндіру әдістерін зерттеу, әлеуметтанулық, салыстырмалы талдау әдістері мен әдістерін түсіну және қолдану, қазіргі әлемдегі саяси жағдайдың мәні мен мазмұнын түсіну. Негізгі саяси институттарды талдау және жіктеу.</p>	4	✓	✓	✓											
		ЖБП	МК	Мәдениеттану және психология	<p>Мақсаты: мәдениеттің морфологиясының негіздері зерттеледі, мәдениеттің анатомиясына сипаттама беріледі және оның семиотикалық сипаты ашылады.</p> <p>Мазмұны: ежелгі Қазақстан аумағындағы архаикалық мәдениет туралы түсініктер беріледі, қазақ мәдениетін қалыптастырудың негізгі кезеңдері қарастырылады, қазіргі әлемдік процестер контекстінде қазақ мәдениетінің мәні ашылады және Қазақстанның мәдени саясатының негіздері туралы түсінік беріледі.</p>	4	✓	✓	✓											
3	Әлеуметтік-этникалық даму	ЖБП	ТК	Экожүйе және құқық	<p>Мақсаты: Экономика, құқық, антикоррупциялық мәдениет, экология және тіршілік қауіпсіздігі, кәсіпкерлік, ғылыми зерттеулер әдістері саласында интеграцияланған білімді қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Адам мен табиғаттың қауіпсіз өзара іс-</p>	5		✓	✓			✓								

				қимылының, экожүйелер мен биосфераның өнімділігінің негіздері. Ресурстардың шектеулілігі жағдайындағы қоғамның кәсіпкерлік қызметі, бизнес пен ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Экология және адам тіршілігінің қауіпсіздігі саласындағы қатынастарды реттеу. Қазақстандық құқықты, субъектілердің міндеттері мен кепілдіктерін білу, әлеуметтік прогресті қамтамасыз ету үшін қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеуді білу және сақтау. Ғылыми зерттеулер әдістерін қолдану.																	
			Кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық	<p>Мақсаты: Қаржылық әл ауқатқа жету үшін маңызы бар жеке және отбасылық қаржылық ресурстарды басқаруды, кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруды дағдыларын оқыту.</p> <p>Мазмұны: Кәсіпкерлік: мәні, мазмұны қалыптасу шарттары. Кәсіпкерліктің ұйымдастыру-құқықтық түрлері. Кәсіпкерліктегі тәуекелділік. Кәсіпкерліктегі бизнес-жоспарлау. Кәсіпкерлік келісімдерді ұйымдастыру. Кәсіпкерліктегі мәдениет және этика. Кәсіпкерлік қызметің қаржыландыру. Қаржылық сауаттылық түсінігі, мақсаттары мен міндеттері. Ақша, есеп айырысу және төлемдер. Жеке қаржы: кіріс, шығыс, бюджет. Салықтар және жеке тұлғаларға салық салу. Зейнетақылар және сақтандыру. Халыққа банктік қызмет көрсету. Жеке тұлғалардың банкроттығы және қаржылық тәуекелдер. Қаржылық пирамида және жеке қаржылық қауіпсіздік.</p>	✓	✓															✓

		БП	ТК	Абайтану	<p>Мақсаты: А.Құнанбайұлы арқылы «Қазақтану» жобасындағы «ұлттық кодты» сақтау мен дәріптеу.</p> <p>Мазмұны: XIX-XXғ. Қазақстан тарихына, қазақ әдебиетіне тарихи шолу жасау. Абайтану саласының дамуындағы XX-XXI ғасырдың абайтанушылардың еңбектері. Абайдың шығармашылығының хронологиясы. Абай - қазақ халқының ұлы ақыны, этнограф, қазақ жазба әдебитінің негізін салушы. Абай - «Қарамола Ережесі» заңдар жинағының құрастырушысы, қоғамдық маңыздылығы. Абай - ойшыл, дінтанушы, философ. Абай білім және ғылым саласындағы рөлі, «Толық адамды» қалыптастыру идеясы. Абайдың аудармалары, поэмалары, «Қара сөздері», «Абай жолы» роман-эпопея. Қ.Тоқаев «Абай және Қазақстан XXI ғасырда» маңыздылығы</p>	3	✓	✓												✓	
				Мұхтартану	<p>Мақсаты: М.Әуезовтің әдеби-тарихи шығармашылығы туралы әдебиет тарихымен патриоттық және мәдени-рухани ұстаным негізінде түсінік қалыптастыру. Шығармашылық ойлауын, өзіндік зерттеу дағдысын дамыту.</p> <p>Мазмұны: М.Әуезовтің Семей, Ташкент, Санкт-Петербург кезеңіндегі өмірі мен шығармашылық жолы. «Шолпан», «Абай» журналдарындағы М.Әуезовтің қызметі. М. Әуезовтің публицистикасы. «Қорғансыздың күні», «Қыр суреттері», «Оқыған азамат», «Көксерек» әңгімелеріне, «Еңлік-Кебек» пьесасына, «Қилы заман», «Қараш-қараш» оқиғасы» повестеріне, «Абай Құнанбаев» монографиясына, «Абай жолы» роман-эпопеясына шолу жасау.</p>		✓	✓													✓

				Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	<p>Мақсаты: сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, тұлғаның берік адамгершілік негіздерін, азаматтық ұстанымын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың орнықты дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: Құқықтық нигилизмді еңсеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласында білім алушылардың құқықтық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа саналы көзқарасты қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлық мінез-құлқынан, сыбайлас жемқорлық моралінен, этикасынан адамгершілік тұрғыдан бас тарту. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін қажетті дағдыларды игеру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандартын жасау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихаттау, заңдылық, заңға құрмет идеяларын тарату. Сыбайлас жемқорлықтың табиғатын түсінуге, оның көріністерінен әлеуметтік шығындарды сезінуге, өз ұстанымын дәлелді қорғай білуге, сыбайлас жемқорлықтың көріністерін еңсеру жолдарын іздеуге бағытталған қызмет.</p>		✓	✓									✓
4	Коммуникация және дене мәдениеті модулі	ЖБП	МК	Қазақ (орыс) тілі	<p>Мақсаты: қазақ (орыс) тілінде қоғамдық өмір және әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырып, академиялық мәтіндер жазу қабілетін жетілдіреді.</p> <p>Мазмұны: А1, А2, В1, В2-1, В2-2 (В2, С1 орыс тілі) деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту.</p>	10	✓			✓						✓	✓
		ЖБП	МК	Шетел тілі	<p>Мақсаты: А2 жеткілікті деңгейінде және В1 базалық жеткіліктілік деңгейінде шет тілін оқыту</p>	10	✓		✓		✓					✓	

				<p>үдерісінде студенттердің мәдениетаралық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Егер бастапқыда тіл деңгейі жалпы еуропалық құзыреттілік В1 деңгейінен жоғары болса, студент жалпы еуропалық құзыреттің В2 деңгейіне жетеді..</p> <p>Мазмұны: А1, А2, В1, В2 деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту.</p>														
	ЖБП	МК	Дене шынықтыру	<p>Мақсаты: кәсіби қызметке дайындалу үшін денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін дене шынықтыру құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттілігі мен әлеуметтік-жеке құзыреттіліктерін қалыптастыру; болашақ еңбек қызметінде физикалық жүктемелердің, жүйке-психикалық стресстердің және қолайсыз факторлардың тұрақты төзімділігіне.</p> <p>Мазмұны: Дене шынықтыру-сауықтыру және жаттығу бағдарламаларын іске асыру. Жалпы дамыту және арнайы жаттығулар кешені. Спорт түрлері (гимнастика, спорттық және ашық ойындар, жеңіл атлетика және т.б.). Сабақ процесінде бақылау және өзін-өзі бақылау, сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру. Жарыстардың төрешілері, кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығының құралдары. Қазіргі заманғы сауықтыру жүйелері: А. Стрельникова, к. Бутейко, к. Динейки бойынша тыныс алу жүйесі, Бубновский бойынша бірлескен гимнастика.</p>	8	✓												
	БП	ЖК	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	<p>Мақсаты: кәсіби маңызды жағдайларда қарым-қатынасты барабар құра алатын және арнайы</p>	3	✓			✓						✓			✓

				<p>мақсатта тіл нормаларын меңгерген маманның кәсіби бағдарланған тілдік даярлығын қамтамасыз ету.</p> <p>Мазмұны: Кәсіби тіл және оның құрамдас бөліктері. Кәсіби терминология ғылыми стильдің негізгі белгісі. Оқу-кәсіптік және ғылыми-кәсіптік салалардағы ғылыми лексика және ғылыми конструкциялар. Мамандық бойынша ғылыми мәтіндерді құрастыру және талдау бойынша жұмыс алгоритмі. Ғылыми-кәсіби мәтіндерді құрастыру. Болашақ кәсіби қызмет шеңберіндегі іскерлік коммуникация және құжаттама негіздері.</p>															
		БП	ЖК	Кәсіби бағытталған шет тілі	<p>Мақсаты: А2 жеткілікті деңгейде және В1 базалық жеткіліктілік деңгейінде шет тілді білім беру процесінде студенттердің мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: АКТ саласында кәсіби бағытталған шет тілі қолданылады. Бағдарламалау, мәліметтер базасын әзірлеу, желілік технологиялар, Big Data, DB, Machine Learning құралдарын ағылшын тілінде қолдану мәселелері зерттелуде. Шет тілінде акт әзірлемелерін талдау, жобалау, іске асырудың практикалық дағдылары.</p>	3	✓		✓		✓							✓	
		ЖБП	МК	Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар	<p>Мақсаты: пәндік саланың компьютерлік жүйелерін, бағдарламалық-аппараттық қамтамасыз етуді (ПАО) білу.</p> <p>Мазмұны: ақпаратты іздеу және сақтау үшін ақпараттық ресурстарды пайдалану, электрондық кестелермен жұмыс, мәліметтер базасымен жұмыс. Ақпаратты қорғау әдістері мен құралдарын қолдану; веб-сайттарды, презентацияларды жобалау және құру. Электрондық үкімет пен электронды оқулықтарды, бұлтты мобильді технологияларды пайдалану дағдылары, SMART технологияларды басқару.</p>	5		✓	✓									✓	
5	Математика және жаратылыстану	БП	ЖК	Физика	<p>Мақсаты: білім алушыларда білімнің ғылыми әдісін қалыптастыру, ол үшін болашақ маманның біліктілік сипаттамалары негізінде курсты баяндауды қамтамасыз ету, студенттің классикалық және</p>	5		✓	✓									✓	

ҒЫЛЫМДАРЫНЫ ң негіздері			қазіргі физика арасындағы қарым-қатынасты және белгілі бір теориялар мен заңдардың қолданылу шекараларын игеруін қамтамасыз ету қажет. Мазмұны: классикалық және қазіргі физика заңдары; қазіргі ғылыми аппаратура және физикалық зерттеу әдістері; Қазіргі физикалық эксперимент әдістері қарастырылады. Теориялық және эксперименттік зерттеулер нәтижелерінің сенімділік дәрежесі бағаланады; эксперимент жоспарланады және оның нәтижелері өңделеді. Алынған білім физиканың әртүрлі салаларындағы нақты есептерді шешу үшін қолданылады: механика, Термодинамика және молекулалық физика, электродинамика, оптика және т. б.																
	БП	ЖК	Алгебра және геометрия	Мақсаты: болашақ инженерлерге байланысты инженерлік пәндерді де, арнайы курстарды да оқуға қажетті математика бойынша белгілі бір білім беру; математикалық интуицияны және оқушының болашақ мамандығына байланысты қолданбалы сипаттағы есептерді шешуде үйренген математикалық әдістерді қолдану қабілетін дамыту. Мазмұны: сызықтық алгебра мен аналитикалық геометрияның негізгі іргелі ұғымдары түсіндіріледі. Матрицалар теориясының, сызықтық тендеулердің детерминанттары мен жүйелерінің, векторлық алгебраның, аналитикалық геометрияның, екінші ретті сызықтар мен беттер теориясының математикалық аппаратын меңгерген. Қауіптен қорғау әдістерін іске асыру кезінде АКТ саласындағы қолданбалы міндеттерді шешу дағдылары.	4		✓	✓										✓	
	БП	ЖК	Математикалық талдау	Мақсаты: болашақ инженерлерге сабақтас инженерлік пәндерді де, арнайы курстарды да оқу үшін қажетті математика бойынша белгілі бір білім беру; - математикалық интуицияны және оқушының болашақ мамандығына байланысты қолданбалы сипаттағы есептерді шешуде үйренген математикалық әдістерді қолдану қабілетін дамыту; - математикалық мәдениетті және әдебиетпен жұмыс	4		✓	✓											✓

				істеу қабілетін тәрбиелеу. Мазмұны: Математикалық талдаудың негізгі іргелі ұғымдары қарастырылады: бір нақты айнымалының функцияларын дифференциалды есептеу, анықталмаған интегралдар және интегралдау әдістерін, белгілі бір интегралдарды қолдану және оларды геометрияда, механика мен физикада, бағдарламалауда жүзеге асыру.															
		БП	ТК	Алгоритмнің қолданбалы теориясы	Мақсаты: дискретті математиканың негізгі қолданбалы есептерімен және әдістерімен танысу; студенттердің математикалық модельдер арқылы дискретті объектілерді сипаттау дағдыларын игеруі. Мазмұны: білім, талдау дағдыларын қалыптастыру, алгоритмдердің тиімділігін анықтау. Екілік іздеуді орындау, таңдау және кірістіру арқылы сұрыптау, біріктіру, TimSort. k-ші реттік статистиканы табу мүмкіндігі. Карацуба, Страссен алгоритмдерінің практикалық тапсырмаларын орындау, ассоциативті массивтер, екілік іздеу ағаштары, 2-3 және қызыл-қара ағаштар. Хэш-кестенің жұмысы, ашық адресітеу арқылы тізбек әдісімен жүзеге асыру. Сызықтық емес бағдарламалау есептерін шешу, графиктегі ең қысқа жолдарды іздеу, алгоритмдердің заңдылықтарын және олардың модельдерін анықтай білу.	4		✓					✓	✓					
				Графтар теориясы	Мақсаты: графтардың негізгі ұғымдарымен таныстыру, математиканың дедуктивті сипаты, графтар теориясының пәні, қазіргі комбинаторика мен графтар теориясының даму тенденциялары; графтардағы тиімді алгоритмдерді әзірлеудің, мәліметтер құрылымын таңдаудың, деректерді дайындаудың негізгі принциптері. Мазмұны: графтар теориясының негізгі ұғымдарын, графтардағы есептерді шешу әдістерін, алгоритмдерін, графтардағы объектілер мен құрылымдардың әртүрлі типтерін зерттеу әдістерін, сондай-ақ графтар мен желілердегі бірқатар классикалық есептерді, оларды шешу алгоритмдерін сипаттай отырып, алгоритмдердің күрделілігін			✓					✓	✓					

				талдайды. Графтарда алгоритмдерді құрудың стандартты схемаларын жүзеге асырыңыз, оларды қолданылатын бағдарламалау тілдеріне қолданыңыз.															
		БП	ТК	Ықтималдық теориясы және математикалық статистика	<p>Мақсаты: ықтималдықтардың негізгі қасиеттері, оларды есептеу туралы білімді қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны: сандық сипаттамалардың үздіксіз, дискретті кездейсоқ шамалары бойынша анықтама. Корреляциялық тәуелділікті талдау. Үлестіру функцияларының моменттерін бағдарламалық есептеу. Статистикадағы негізгі үлестірулерді бағалау (ММР). Minitab, stat Soft, state қосымшаларын практикада k-ретті ықтималдық модельдерін әзірлеу, біртектілік гипотезаларын, коэффициенттердің маңыздылығын, модельдердің сәйкестігін тексеру бойынша қолдану. Регрессиялық талдау жүргізу.</p>	4		✓	✓									✓	
				Қолданбалы математикалық статистика	<p>Мақсаты: қолданбалы статистиканың негізгі ұғымдарымен және әдістерімен танысу.</p> <p>Мазмұны: математикалық статистиканың негізгі ұғымдары, сызықтық емес динамика әдістері қарастырылады. Ақпаратты қорғау, Машиналық оқыту, деректерді өндіру міндеттерінің көпөлшемді статистикалық модельдерін құру және талдау дағдыларын меңгерген. Деректерді визуалды көрсету нәтижелерін бағалау, жүйелердің, желілердің қауіптерге тұрақтылығын болжау үшін заманауи есептеу құралдары мен қолданбалы бағдарламалардың математикалық пакеттерін қолданады.</p>			✓	✓									✓	
		БП	ТК	Математикалық логика	<p>Мақсаты: логикалық Алгебра негізінде математикалық логиканың негізгі бөлімдері зерттеледі; есептерді шешу әдістерін қолдану және мәлімдемелерді дәлелдеу.</p> <p>Мазмұны: ақиқат кестелерін, конъюнктивті, дизъюнктивті қалыпты формаларды құру, предикат логикасының формулаларын жазу, әртүрлі тұжырымдарды дәлелдеу, қорытынды жасау. Логикалық функцияларды азайту үшін комбинациялық схемаларды, Вейч диаграммаларын,</p>	5		✓		✓									

				Карно карталарын құру. Математикалық логика заңдарын цифрлық схемаларды жобалауда, ақпаратты қорғау, криптография, желілік адресітеу мәселелерінде қолдану.																
				Модальды логика	Мақсаты: модальды логиканың негізгі ұғымдарымен, модальды жүйелерді құру ерекшеліктерімен танысу. Мазмұны: білімді ұсынудың және пайымдауды модельдеудің логикалық негіздерін қарастырады, осы саладағы заманауи зерттеу бағыттары қозғалады. Қазіргі жүйелердегі пайымдауды модельдеудің негізгі алгоритмдерін жүйелеу; білімді ұсынуға логикалық тәсілдердің негізгі принциптерін, логикалық қорытынды жүйелерінің құрылымын жалпылау; логикалық тілдерді қолдана отырып, пәндік салалардың модельдерін құру.			✓		✓										
